

«Кеудесі сәуле кен сарай»

(КСК президенті Б.Аубакировке 60 жас)

Казак соқырлар когамынын жұмысы біздің кітапханамыздың іс-жоспарымен тығыз байланыста. Себебі біздің оқырмандарымыздың бәрі загіптар когамынын мүшесі. Өу баста арнайы кітапхананын жүйесін құрган Казак соқырлар когамы.

Казіргі танда загіптар когамынын ауыртпалығымен қиындықтарын қуаныштары мен мүн-мүқтажын отыз бес жылдан астам алып келе жатқан Байболат Абайұлы Аубакиров. Бұл кісінін мерейлі тойына бізде іс-шарамызды арнауға жон қордік. Өдеттегідей оқу залға үлкенді-кішілі оқырмандар жиналды. Іс-шараны бастаған кітапханашы Өділбеков Ербол. Келген оқырмандарға сәлем беріп, бүгінгі күннің тақырыбын айта отырып Байболат Абайұлынын өмірбаянын айта отырды. Б.Аубакиров 1955 жылы қантар айынын 15 жұлдызында дүниеге келіпті. Қопбалалы аргын руынын тумасы. Абай ақсақалдын тұнғыш ұлы еді. Ырымдап баласынын атын Байболат деп қойған. Байболат өте кішіпейіл, мейірімді жігіт болып өсті. Орта мектепті бітірген сон жоғары оқу орнына түсіп, ауылшаруашылығы жұмыстарына жіберілген кезде кенеттен қоз жаракатын алып, жанарынан айырылады. Өмірдің қиындығына қарамастан, Байболат Жамбыл облысы Шу ауданы, Новотроицк елді мекенінде соқырлар кәсіпорнына жұмысшы болып кіреді. Сол кездегі соқырлар когамынын басқармасы Байболаттын еңбекқорлығын ескеріп, бірнеше лауазымдық қызметтерге тағайындады. 1980 жылы Байболат Абайұлы казак соқырлар торағасы болып сайланады. Міне, күні бүгінге дейін ол кісі ерен еңбегінін арқасында экономика ғылымынын докторы атағын алып, өз пайдасын когамымызға беріп келеді. Байболат Абайұлы үш баланын әкесі. Онын сүйікті жары Галия қашанда қиындықтармен қуаныштарды болісуде. Сонымен қатар, Байболат Абайұлы көптеген шәкірттер тәрбиелеп олар соқырлар когамынын кәсіпорындарынын жетекшілері, мүгалімдер және өншілер. Аубакиров әуесқой композитор. Онын көптеген әндері радио және теледидарда орындалып жүр. Мысалы «Ауылым менін», «Қазак», «Астана», «Жанарым» және т.б.

Баяндамадан сон кітапханашы Л.Абжаппарова оқырмандарға Байболат ағамыздың

кітаптарына сараптама жасады. С.Катишевтың баян аспабында сүйемелдеуімен А.Тайтелиева және Г.Темирова оқырмандарға Б.Аубакировтың бірнеше әндерін шырқап берді. Скайп галамтор арқылы Б. Аубакиров оқырмандармен тілдесіп, олардың бірнеше сұрақтарына жауап берді. Кездесу өте тартымды, жылы өтті.

(Катишев Сабит – ОКО арнайы кітапханасының тифлобөлімінің меңгерушісі)

22 қаңтар, 2015 ж.

